

Сағидолла Қарағұлов жайлы бір естелік!!!

Иә, бұл – аса білікті, мәдениетті, елге танымал ұстаз – ағартушы туралы естелік, арада жетпіс жыл өтседе, бәрі – есімде, әлі есімде!!!

Қоштасып тіршіліктегі ақыретпен,
Бұл Құмда ат оңыатып, батыр өткен!
Мынау Құм талайларға байлық беріп,
Сол байлық талайларды пақыр еткен!
Күшті өткен ақыратып күйіменен,
Би өткен тілін безеп жиынменен!
Батақтың Сарысы өткен арманда боп,
Қоштасып ғашығымен дүйім елмен!

Авторы ақын, журналист Әбдіғани Аймағамбетов, Тауман Төреханов қолында жұмыста тәрбиеленген, ақын болып танылған шынайы шәкірті еді – ау – Әбдіғани Аймағамбетов!

Белгілі ұстаз, ел азаматы болған марқұм Сағидолла Қарағұловпен алғашқы жүздесіп, танысуым 1957 жылы күзде аудандық газеттің тапсырмасымен аудан орталығынан шалғайлау орналасқан Аяққұм елді мекеніне барған сапарымда басталып еді. Іссапардың мән – жайын, мақсатын түсіндірген сол тұстағы газет редакторы, ұстазым Тілеужан Шойғарин сәт сапар тілей отырып, Аяққұмдағы сегіз жылдық мектептің директоры Қарағұлов Сағидолла туралы жылы сөзін айта отырып, барғасын сол үйге түсуім керектігін айтып еді. Көліктің де тапшы кезі, сол ауылға көмір апара жатқан машинаның кузовына отырып, Аяққұмға жеткесін Сәкеңнің шаңырағына ат басын тіредім. Тілекең айтқандай шаңырақ иесі де, жұбайы да көргені көп, көпшіл, жайдары, ашық жандар екен, тез тіл табысып кеттік. Осы алғашқы жылы шырайдағы жүздесу кейінгі өмірімізде жақсы жалғасын тапты, аралас-құраласымыз бір үзілмеді.

Атақты ағартушы – ұстаз Сағидолла Қарағұловтың жұбайы Рузия жеңгеміз 1937 жылғы саяси-қуғын сүргін құрбаны, Қабақтың Жарас аталығының белгілі адамы болған Өтеш марқұмның қызы еді, Сәкеңмен некелерінен он перзент өрбіп, өніп – өсті. Сол редакцияның тапсырмасымен барған сапарым нәтижесі аудандық «Коммунизм таңы» газетінде жарияланды.

Сағидолла ағамыз Есет Көтібарұлының серігі, атақты Қарағұл батырдың немересі болатын, фамилиясы Қарағұлов, батыр атасына жазылған. Сәкеңнің үйін Қарағұлдың шаңырағы деп білемін. XIX ғасырда патшалы Ресейдің отаршылдығына қарсы 11 жыл бойына созылған ұлт-азаттық көтерілісті басқарған Есет Көтібарұлының ең сенімді серігі, үзеңгілес жолдасы болған Қарағұлдың бүгінгі ұрпағы ретінде бұл пәниден өткенінше екі атаның арасындағы осы қарым – қатынастың символындай жарасымды сыйластық Сәкең екеуіміздің арамызда да сақталды. Бұл ұлт – азаттық көтеріліс арқау болған

шығармаларымда көтеріліс басшысы Есет Көтібарұлымен қатар Қарағұл батырдың образы да сомдалды, үлкен мақсат жолындағы екі тарихи тұлғаның ынтымағы, бірлігі барынша көркем суреттелді.

Сағидолла Қарағұлов кезінде штаб атанып, Шалқар ауданының малын қыстататын жайлы мекен – Аяққұм ауылындағы сегіз жылдық мектепті ширек ғасыр – 25 жыл абыройлы басқарды. Сол кездегі Аяққұм ауылының тыныс – тіршілігі жоғарыда аталған очеркімде жан – жақты баяндалған еді. 1971 жылы Аяққұмға тағы барып, Аяққұм туралы, ауылдың азаматтары туралы жазған материалым аудандық газетте жарық көрді. Аралас – құраластығымыздың нәтижесінде Темірде қызметте жүргенімде Шәкіржан деген 1947 жылғы інісінің Темір техникумына оқуға түсіп, біздің үйде жатқаны да есімде. Сол кезде бұл техникум өңірдегі бірден бір мықты оқу орны болатын. Туыстық қатысымыз да бар, біз Қабақтың Қарабасы болсақ, Сәкеңдер Қабақтың Өмірі, көңіл жақындығымен қатар ағайындық жағынан да жақындық осындай өмірлік қарым – қатынасқа негіз болды.

Қазір жасым үлкейді, көз көрген Сәкеңдердің де бақилық болғанына біраз болды, есіме сол сыйластықта өткен кезең түседі, жақсы бір дәурен еді. Сағидолла Қарағұлов ұлағатты ұстаз болды, беделді, білгір басшы болды, ел – жұрт құрметтеген азамат болды. Сол қабілет – қарымымен жақсы қызмет атқарды, абыройлы жинады, соның нәтижесінде лайықты наградаларға ие болды. Біраз үкіметтік медальдары ішінде «Құрмет белгісі» орденінің орны бөлек. Араласатын адамымыздың, елдің азаматының осындай абыройлы болғанына біз де қуандық, әрдайым тілектес болдық. Аудандық партия комитетінің бюро мүшесі, аудандық Кеңес атқару комитетінің мүшесі, газеттің редакторы ретінде бар ықыласымен қолдау көрсеттім. 1973 жылы Сәкең Айшуақ ауылына қоныс аударып, сол ауылдың орта мектебінде де абыройлы қызмет етіп, облыстық дәрежедегі дербес пенсионер статусымен зейнеткерлікке шықты. Кейіннен, 1997 жылы өзі қайтыс болғасын біраз уақыттан соң Айшуақ елдімекенінің орталық көшесі – бұрынғы Ленин көшесіне Қарағұлов Сағидолланың аты берілгенін естіп, ауыл, аудан басшылығына, аудандық ономастикалық комиссия мүшелеріне әбден риза болдым, азаматтың лайықты еңбегін осылай бағалапты. Алла разы болсын!

Сәкеңнің өзінің ұл – қыздары, немерелері ізден шығып, барлығы дерлік білім – ғылым саласында екен қазір, ата жолын қуғандары тағы бір қуаныш, әрдайым жолдары болсын! Кезіндегі Сәкеңмен араласқан кездің келбеті көңілімде, бәрін жаза беруге көп жағдай да бола бермейтін болды, қазір денсаулыққа байланысты біраз оқиға ұмытыла да бастады, дегенмен жақсы жанмен жақын араласқан кез негізінен есімде сақталды. Өміріміздің бір жайсаң кезі еді. Естелік жазып беру туралы өтінішке байланысты қысқаша жазғаным осы болды.

Тауман Төреханов, ҚР – ның

мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткер, жазушы – журналист,
21 кітаптың авторы